

Бұл туралы бүгін өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен жиында кинорежиссер Людмила Лебедева мәлім етті.

- Шараның ашылуы мен жабылуы Ертіс Promenade сахнасында өтеді, - деді кинорежиссер. - Ал 12, 13 және 14 шілдеде «Ертіс CINEMA» кинотеатрында іріктеуден өткен жұмыстар көрсетілетін болады. Жалпы көрсетілім уақыты 18 сағатты құрайды. Жұмыстар әр күнге бөлініп көрсетіледі.

Әзірге кіру тегін бе жоқ әлде ақылы бола ма - ол жағы белгісіз. Ұйымдастырушылардың айтуынша, жұмыстардың көбі орыс және қазақ тілінде ұсынылған.

- Қазақ тілінде көрсетілетін фильмдердің астында орыс тілінде субтитрлар болады және керісінше, - деді Людмила Лебедева. - Ал, шетелдік жұмыстардың көбі ағылшын тілінде түсірілген. Көрсеткіштер оларды түсінуі үшін, залда арнайы аудармашы жұмыс істейтін болады.

Людмила Лебедева кинофестивальдің арнайы мүсіншісі әзірленіп жатқанын атап өтті. - Бүгін ғана мүсіншінің жасалу сәтімен танысып келдік, - деді ол. - Барлығы ойдағыдай. Келесі кездесуде оны міндетті

Кинофестиваль - Павлодарда

Павлодарда - «Рухани жаңғыру» бағдарламасы шеңберінде облыс әкімдігінің қолдауымен «ЕРТІС-CINEMA» I халықаралық қысқаметражды кино және деректі фильмдер кинофестивалі 11-14 шілде күндері өтеді.



түрде көпшілікке көрсететін боламыз. Жалпы екі номинация болады: деректі фильм мен ойын фильмі.

Сонымен қатар, бас жүлде, бірінші, екінші және үшінші орындар, «Көрсеткіштер көз-айымы» номинациясы және қазылар алқасының арнайы сыйлықтары қарастырылған.

Еске сала кетейік, фестивальге әлемнің 20 мемлекетінен 207 жұмыс қабылданды. Олардың арасында Ресей, Англия, Армения, Австралия, Үндістан, Израиль, Иран, Ирак, Канада сынды елдер бар. Іріктеуден өткен 64 жұмыстың 15-і деректі фильм болса, 49-ы - ойын киносы.